

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY  
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022**  
**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**  
**ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**PROCEEDINGS**  
**of the international scientific and practical conference**  
**«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE**  
**INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»**

**Астана қаласы**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
А 94

*Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

**А 94** **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

көбейтуде «Қазақ тілі» мамандары мен YouTube желісінің маңызы зор екенін тағы бір мәрте дәлелдедік. Осындай адамдардың ақпараттық қажеттілігін өтеп жүрген бірден-бір танымал платформа YouTube-тың мұхиттай шексіз мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алуымыз керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Гальскова Н.Д., Тез Н.И. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика: учебное пособие. М.: АCADEMIA, 2005. 336 с.
2. <https://aikyn.kz/89807/youtube-kazaksha-kontenttin-sapasy-kanday/>
3. Чернявский А.А. Использование YouTube в процессе обучения иностранному языку / Минск: Изд. центр БГУ, 2013. С. 283-285.
4. Ж.Садуова «Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану». // Білім. Алматы, № 5, 2006 ж., (22-24).Н.Құрман
5. А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы», Ана тілі. 1992 ж.
6. Kozma R.B. The Influence of Media on Learning: The Debate Continues. School Library Media Research. 22. P. 233-239.
- 7.Н. Құрман. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. — Астана: Таным, 2008.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙБІР ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КОД МӘСЕЛЕСІ

*ЕРСОВЕТОВА А.*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, магистрант  
Астана, Қазақстан*

Қай халықтың этнографиялық мұрасын алсақ та тарихи тізбекке қилы жолмен жалғасып, сол жолдан өз шежіресін тауып жатады. Демек, тарихсыз тайпа, өткенсіз ұлт жоқ. Өткен деректердің барлығы дерлік бүгінгі этнос өкілінің ұлттық кодын немесе мазмұнды сұлбасын жасайды. Мазмұндық сұлба деп отырғанымыз – ұлттық кодты қалыптастырушы «кұрақ көрпе» секілденген «деректік мозаиканың» жиынтығы. Ұлттық кодты тексеру үшін кез келген тайпа не қауымдастықтың этногенезін қарастыра аламыз, тіпті жеке тұлғаның бойындағы сан түрлі қасиеттер де қаншама деректі анықтайды. Ұлттық код этносқа тән қасиеттерден ғана емес, оған тікелей не жанама қатысты ұғымдар арқылы да жинақталады. Солардың бірі және бірегейі жер-су атаулары. Себебі халықтың тіршілік ортасы мен ондағы ерекшеліктер де этнос өкілінің бойынан көрініс алады. Тіпті Әл-Фараби, Қашғари, Игүнеки секілді адам аттарына қосақтала берілген қала атаулары немесе уәждемесі тау аттарымен байланысты Жамбыл, Шыңғыс, Алтай т.б. кісі есімдері де соған дәлел. Алайда біздің айтпағымыз тек бұл емес, қазақ тіліндегі жер-су атауының ұлттық кодты қалыптастырудағы алар орны жайында болмақ.

В.фон Гумбольдттың “Тіл халық рухының сыртқы көрінісі сияқты: халықтың тілі – оның рухы, халықтың рухы – оның тілі – бұдан артық тепе-теңдікті елестету қиын”,- деген баршамызға белгілі пікірі осы тұста ойға оралады[1;25]. Расында, тілдік бірліктің астарында халық тіршілігі мен жанының бейнесі көмкерілген. Мағынасын толық түсінгенде ғана халық рухының бір бөлшегі болған сөз ізденушіге өзінің сырын ашатын болады.

Жер-су атаулары – мазмұнды тілдік бірлік. Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатысын және әдеп ғұрпын танып білуде де бұлардың атқаратын қызметі аса зор. Өйткені атаулардың бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте кайнасып, ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың биік ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі.

Ғалым Б.Бияров өз еңбегінде «Тілші-ғалымдардың сөзді негізгі таңба деп есептеулерінің тағы бір себебі, сөзге когнитивтік сипаттың тән болуында. Сөз әуел бастан тарихи тәжірибеден жинақталған мәліметтерден тұратыны белгілі. Қазіргі заманғы биолог-ғалымдар адам ДНК-сының өз ата-бабасы туралы барлық мәлімет жазылған компьютердің жады сияқты екенін анықтап жатса, сөз өз бойына ұлттық тілдің барлық ақпаратын жинақтаған компьютердің жады сияқты деуге болады. Бастауын психолінгвистерден алатын когнитивті тіл білімі қазіргі кезде өркендеу дәуірін бастан кешуде», - дейді[2;9]. Бұл пікірге біз де қосыламыз. Расында, таңба ұғымы белгілі формаға байланбаған. Сонымен қатар берер мәнінің де ауқымы әр алуан. Демек, жер-су атауы да тілдік тұлға танымында белгілі бір мәнге ие болып, когнициялық қабатында таңбаланады. Осы тұста айта кеткен жөн, бұл шартты құбылыс емес. Шартты болмауының мәні адамзаттың әр түрлілігінде. Тіпті бір тілдік тұлға үшін бір атау қандай да бір салмақты мән арқаласа, екінші біреу үшін уәжсіз таңба іпетті. Мазмұн мен мәнді ашу үшін тілдік тұлға тілдік бірлікке қатысты деректерді тексеру қажет не тікелей қатысты болу қажет. Мазмұн салмағы да тілдік тұлғаның оны сезінуіне қарай артпақ. Міне, осы тұста тілдің халық рухы екеніне көз жеткереміз.

Ұлттық кодты жаңғырту және соған ынталылық таныту секілді әрекеттер отарлық езгіге түскен үшінші әлем елдері үшін қамыттан құтылу жолындағы зәру процеске айналып отыр. Қазақстан Республикасын кейбір әлеуметтанушылар үшінші әлем елдерінің қатарына жатқызбаса да, шындыққа тура қарау қажет. Неғұрлым сол процеске ұмтылсақ, мемлекеттің дамуы да алға ілгерілей түседі. Себебі мемлекетті құраушы қазақ халқының этнос ретінде «өзін құнсыздандыру» әрекетінен тек құрдым күтуге болады. Ұлттық құндылыққа құрмет таныту арқылы әлемдік мәдениетке(сол алып мәдениеттің бөлшегі ретінде) құрмет таныта аламыз және ілесіп, үлес қоса аламыз.

Кез келген халық үшін өмір сүріп жатқан жерінің атауы белгілі бір мәнге ие. Мағынасыздыққа ұшырау үшін ол жайлы деректер не көмес, не сол халыққа жат болуы қажет. Бұл мәселе бізге де таныс. Үш жүз жыл бойы қазақ халқының санасымен қоса, даласы да езгіде жатты. Ғалым Б.Бияровтың зерттеуіне қарағанда қазіргі кезде Шығыс Қазақстан облысында ресми тіркелген 20 000 атаудың 3000-ы славян тілдерінен енгені анықталып отыр. Ол 3000 атаудың бұрынғы түркілік немесе моңғолдық түпнұсқалары ешқайда сақталмаған. Өйткені славян тілді атаулардың оларды ығыстырып шығарғанына 300 жыл уақыт өтіп кеткен [2;9]. Алайда осыған қарамай Тәуелсіздік жылдарында көптеген қазақша атаулар қайтарылды – қазіргі кезде ата-бабасынан бері осы жерді мекендеп келе жатқан зиялы қауым өкілдері тарапынан бұрынғы қариялардан естіген кейбір жер-су атауларының көне нұсқалары ұсынылып, қайта жағыртылды, этимолог ғалымдар тарапынан формасы өзгеріп кеткен тұлғалар қалпына келтірілді, сонымен қатар географиялық нысанның сипатына қарай дәстүрлі топонимжасам үлгілеріне негіздей отырып, жаңа атаулар жасау тәсілі арқылы ұлттық атаулар қойылып жүр. Ал аталмыш өңірден басқа жалпы қазақ даласында қазірге дейін тың атаулар жасаудың жолын білмегендіктен, атсыз қалған нысаналарға Ақмарал, Береке, Бейбітшілік, Махаббат тауы, Өркениет, Ынталы, Бақыт, Шаттық тәрізді жер бедеріне қатысы жоқ атаулар беріле бастады. Мұнан өзге заты елге белгісіз бай-бағландар мен батырлардың аттары қаптап кетті. Бұл жақсы үрдіске жатпайтыны анық.

Біз тамырымызды бойлай келе өзімізді табамыз. Олай дейтініміз, атауларымызды меңгеру арқылы біз жағрапиялық жағдайымызды танимыз, салт-сана, дәстүрімізді жаңғыртамыз, елдің маманданған кәсібін, тұрмысы мен мінезін анықтай аламыз. Қазақ даласын барлай бастасақ сол даланың тіршілікке икемді жағын да айшықтай аламыз.

Халқымыз ежелден көшпелі өмір салтын ұстанғасын, жер-су аттары ерекше маңызды факторға айналған. Әрбір атауда ұлттық дүниетаным, психология, салт-дәстүрдің кумулятивті түрде жинақталып жатуымен бірге жер бедерін өте жоғарғы дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Атау сол жердің ерекше бір белгісін білдірмесе, көш адасып, мал арып, шаруашылық күйзелуі мүмкін болған. Мәселен, Бөрілі топонимі “бұл жер – бөрі жасырынатын бұта-қарағаны мол, соқпалы жер” деген ескерту-концептісін білдіріп тұруы қажет еді. Құлынембес атауы “оты (құлынембес шөбі), суы мол жер, тойынған құлын енесін ембейді” деген ақпарат-

концептісін беріп тұрғаны айқын. Ал бүгінгі ұрпақ көшпелі өмірді мүлде ұмытқан десе де болады [2;7]. Қазақтың әр өңірдегі халқының маманданған кәсібі табиғи жағдайымен де байланысты дей аламыз. Мысалы, жоғарыдағы үлгіге сүйене отырып, атауына қарай жер жағдайын пайдаға асыруға әбден болады. Сонда жаңғырудың пайдасын тек рухани тұрғыда ғана емес, экономикалық тұрғыда да байқар едік. Ендеше, елдің алдағы даму жоспарын құруда жер жағдайын да ескерген жөн деп ойлаймыз. Ал тілдік қабатта жинақталған бірліктер оған көмек бола алады. Ал қазіргі кезеңнің мәселесі ретінде қолда бар деректерді жинақтап, есімдері елге мәлім алайда мағынасы танық атаулардың мәнін анықтау болып отыр. Себебі әр кезеңдерде жасалған этимологиялық сөздіктерден өз еліміздің, өз жеріміздің тілдік тарихын ажыратып алу кезек күттірмес мәселе. Сол кезде уәжсіз аттарға қарағанда мазмұны бай, жер жағдайына үйлесімді және ең бастысы негіздемесі бар атаулар жаңғыра бастайды. Ендеше, халық аузында түрлі болжамдармен жүрген кейбір жер-су атауларының этимологиялық сөздіктердегі мағынасына үңіліп көрейік.

**Ертіс** – өзен. ШҚО, Павлодар обл. Ертіс гидронимі туралы бірнеше болжамды пікірлер бар:

1. М.Қашқари (XI ғ.): «Ертішті – бәсекелесіп өтісті; бәстесіп өтісті ... Ертішүр – ертүшмек – Бәске өтісер – бәске өтіспек» деген мағынасын келтіреді [3;273]. Ғалымдар бұл пікірді халықтық этимология деп тапты.

2. Р.Рамстедт: «Ертіс – «қатал, ашулы, тасқынды», - мәнінде тұр деген көзқарасты келтіреді [4;547].

3. А.Әбдірахманов «Түрік. ир > ер «иір»+кет.сес//шеш//тес // тыш «өзен,су» > Ертіс, яғни «иір өзен», - деп шешеді [5;93].

4. Т.Жанұзақ: «jer «жер» + тіс < іс «өзен», яғни Ертіс «жер суы», «жерден шыққан өзен» мағынасын беріп, Қарасу атауына сәйкес келеді», деп шешеді [6;71].

Жоғарыдағы болжам-пікірлердің бәрімен келісеміз және олардағы негізгі мәселе Ертіс атауының құрамындағы «т» дыбысында тұрғанын байқау қиын емес. Барлық келтірілген анықтамаларда «т» екінші сыңарға таңылып отырады: тыш//тіс. Ал көне түркі, бірқатар үндіеуропа елдерінде «өзен, су» мәнін беретін көне тұлға ас/ес, ыс/іс, с болса керек еді. Профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, Ертіс атауына кем дегенде екі мың жылдан асады. Атау өте көне гидроним болғандықтан, бір буынды үш сөзден тұрады. Атап айтқанда, Ер + іт + іс > Ертіс. Мұндағы ер түбірі көне түркі. ериш/еріс Э.В.Севортян сөздігінде «основа ткани», «горизонтальные жерди, вставляемые между вертикальными стойками при плетенки стен амбара» сөзінде кездеседі [7;294]. Мұнан байқағанымыздай «ер» синкретті түбірінің тағы бір мағынасы «көлденең» семасын береді екен. Ал іт/ыт/өт/үт «өтетін», «ағатын» етістігін құрайтыны белгілі және ыс/іс «су, өзен» сөзі екені де баршаға мәлім. Демек, Ертіс < Ер «көлденең» + іт «өтетін, ағатын» + іс «өзен, су» болып шығады, яғни, жинақтап айтқанда, Ертіс «көлденең ағатын өзен» деген мәнде тұруы мүмкін.

**Кеңгір** – өзен. Қарағанды обл. Жезді ауд. Кеңгір гидронимі туралы профессор Т.Жанұзақ айтқан: «Кангар > Кеңгір, мұндағы кан // канг// ганга «өзен, су» + ір (ар, ер) «өзен, су» көне тұлғаларынан жасалған» деген пікір орынды [6;91-92]. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы тұрғысынан келгенде, Кеңгір атауы есім сөзден етістік тудыратын –қыр, -кір, -ғыр жұрнағы арқылы жасалуы да мүмкін: кең+гір «кеңей, кеңейе беру» етістігін жасайды. Тіл тарихында бұл жұрнақ созылыңқы процессуальды әрекетті білдіреді. Мысалы, үн – ір –ей > үн –гі –р, шүң- ір –ей > шүңқыр, су-ар > су+ғар т.б. [8;386-387].

Қорыта келгенде, Кеңгір «арнасын үнемі кеңейте беретін, кең арналы өзен» мәнінде тұруы да мүмкін деген тұжырым жасаймыз.

**Сайрам** – е.м. ОҚО, Сайрам ауд. Бұл көне қала парсы. Испиджаб (VII-IX ғғ), араб. Әл Мединат Әл Байза «ақ қала» (М.Қашқари), түркі. Үрүңкент «ақ қала», түрік. Сайрам атауларын иемденген. Бізге жеткен Сайрам тарихи ойконимін Т.Жанұзақ, М.Қашқаридың пікірлерін келтіре отырып, «саяз, тартылған су» мәніндегі түркі сөзінен шығарады [6;164-165]. Бұдан топонимжасам барысында нысанның бір ғана ерекшелігімен байланып қалмай, басқа белгілерін де негізге алуға болатынын көреміз. Мысалы, Испиджабтың мәні белгісіз болса,

араб. Әл Мединат Әл Байза мен түрік. Үрүңкент «қаланың ақ балшықтан салынған түсін» білдіріп тұр. Ал Сайрам «қала маңындағы судың (өзеннің) саяздығын немесе тартылып қалғанын» айғақтайды. Моңғол тіліндегі сайр «малта тас» сөзі де саяз [сайаз] сөзінен алшақ кетіп тұрған жоқ. Сауран – е.м. ОҚО, Қазығұрт ауд. Сауран тарихи қаласының Әлистахри, Ибн Рузбехан жазып қалдырған сипаттамаларын саралай келіп, профессор Т.Жанұзақ қаланың аты көне түркі. сауран «берік қорған» мәніндегі сөзінен жасалғанын айтады [6;172-173]. Сауран сөзінің сауыт «қорғаныш киім» сөзімен түбірлесіп жатуы тұжырымның дұрыс екенін дәлелдейді.

**Талғар** – шың; е.м. Алматы обл., Талғар ауд. Қазақ топонимикасының ардагерлері А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақовтар Талғар оронимін парсы. тал «тау» + көне түркі. ғар/қар«тау» сөздерінің бірігуінен жасалған деп тұжырымдайды [6;182]. Бұл пікірдің дұрыстығын Талғар Іле Алатауының биік шыңдарының бірі екені (4973 м) дәлелдеп тұр. Биік шыңды Талғар «тау –тау, биік тау, шың» деп атап кеткен.

**Шу** – өзен. Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. А.Әбдірахманов Шу гидронимін көне түркі. «су», «өзен» мағыналы сөзі деп таниды [5;195]. Т.Жанұзақ Шу «атауының тіптен көне екендігіне көз жеткіземіз» дейді [6;212]. Көне сөздердің әуелде бір буыннан құралғанын ескерсек, Шу гидронимі расында да көне болып табылады. Оның үстіне су, ус, шуй, чу, ас, ыс, іс гидронимдерінің барлығына ортақ «с» дыбыс-символы судың сылдырап ағуынан алынып, дыбысқа еліктеуден пайда болған сөздер категориясына жатады деуге болады. Топонимжасам барысында Шу тұлғасындағы гидронимдер қаз. «малдың шуына ұқсас шұбалаңқы, ұзын өзен» мағынасын беруі де мүмкін екенін ескеру керек.

Тілдік таңба тұрғысынан алғанда атаулардың қай халықтың болсын өмірінде үлкен орны бар. Бір этнос үшін аса қадірлі мекеннің не мекен атауының келесі этнос үшін маңызы болмауы мүмкін. Бұл қазір де кездесіп жататын құбылыс. Өйткені бір халықтың тіліндегі таңба сол ұлттың таным түсінігімен ғана ашылып, айшықталады. Сол үшін кейбір мекеннің атын білу жеткіліксіз, оның қасиетін түсіну үшін сол атаудың уәжіне ден қою қажет.

Тәуелсіздігімізді алған отыз шақты жылдың ішінде қаншама жер атауы қазақылана бастады. Әрине, ол қуантатын жағдай. Алайда алдағы кезеңдерде атаудың этимологиясы, тіпті болмаса уәждемесі негізді болуына баса назар аударуымыз қажет. Өйткені келешек ұрпақтың, келешек ұлттың кодын қазіргі біздер қалыптастырамыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию: Пер. с нем./ общ. ред. Г.В.Рамишвили; Послесл. А.В.Гулыги и В.А.Звегинцева. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.
2. Бияров Б. Жер - су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография / Б. Бияров. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 бет.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): Зтомдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 бет.
4. Рамстедт Р. Этимология имени Ойрат // Сб. в честь столетия Г.А. Потанина. М.-Л, 1909. С. 35-47 (<https://book.ivran.ru/>)
5. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым, 1975. – 204 бет.
6. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: ДайкПресс, 2007. – 524 б.
7. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). М.: Наука, 1974. – 767 с.
8. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия ЖАҚ, 2002. – 784 бет.